

**6D021300 - «Лингвистика» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
 Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның
 «Іскери қарым – қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбындағы
 диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1. Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номері); 2. Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылым-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбында орындалған диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған: 1) ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсанындағы №1045 қаулысымен бекіткен «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2. 1. Білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру; 2. 4. Мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру. 2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған ҚР «Білім туралы» заңы
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> / қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған / ашылмаған	Осымен байланысты заманауи өміріндегі соңғы кездегі интегративті және жаһандану үдерістері, ұлттық және халықаралық деңгейде экономикалық қызметтің жандануы еларалық байланыстардың кеңеюі аясында жұмыс тілі ретінде іскери риториканы жетілдіруді, зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр.

			<p>Басқару, өндірістік және коммерциялық қызметті тиімді ұйымдастыруда іскери қарым-қатынастың рөлі көтеріліп, коммуникативті дискурса қатысушылардың арасында серіктестік қатынастардың орнауына, әртүрлі мәселелердің сындарлы шешем табуының кепілі бола алады. Осымен байланысты іскери қарым-қатынас тілінің прагматикасын зерттеу аса өзекті және қазақ тіл білімінің прагмастистика саласын дамытуда маңызды.</p> <p>Диссертациялық жұмыс қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес қоғамдық қызметінің артуы мен әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейтуге қатысты іскери қатынастағы сөйлеу тілінің репрезентациясын көрсетуге, прагматикалық бағытта қарастырылған коммуникативтік өзара әрекеттесу субъектілерінің интенцияларын анықтауға көмектесетін әлеуметтенудің тілдік тетіктерінің жүйесін зерттеуге бағытталып, қазіргі қазақ тіл білімінің өресін кеңейту барысында еліміздегі тіл саясаты мен мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін жүзеге асыруға үлесін қоса алады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. жоғары 2. орташа 3. төмен 4. өзі жазбаған 	<p>Диссертацияның өзі жазу деңгейі жоғарылығын жұмыстың мазмұны баяндалған құрылымынан көруге болады. Сөйлеу стилінің басқа стильдермен арақатынасы, ортақтығы, ерекшелігі жан-жақты сипатталған зерттеулер кеңінен қамтылған. Сонымен бірге іскери қарым-қатынастың риторикалық, коммуникативтік, прагматикалық, стилистикалық аспектісін кешенді</p>

			зерттеу үрдісіне сай (прагмалингвистикалық, дискурс, социолінгвистика, лингвомәдениеттану, этнолінгвистика, прагмастистика т.б.) нақты мысалдармен талданып дәйектелген. Тілі жатық, ойы ашық, өзіндік тұжырымы ғылыми стиль шегінде жинақталып беріледі. Жарияланған мақалалар диссертация мазмұнына толық сәйкес келеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі 1) <u>негізделген</u> 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Атап айтқанда: зерттеудің өзектілігі іскерлік қарым-қатынасқа тән белгілер мен ұстанымдарды анықтау; іскери қарым-қатынасқа тән риторикалық категориялардың қызметін ашу; іскери қатынастағы сөйлеуді лингвистика, психология, мәдениет интеграция негізінде зерделеу; іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің прагмастистикалық ерекшеліктерін әлеуметтік-функционалдық аспектіде ашу арқылы дәйектеліп негізделген.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды	Шоқаева Қарлығаш Нұрланқызының «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбындағы диссертациясы екі тараудан, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұратын құрылымы зерттеу жұмысының мазмұны берілген тақырыпқа сай екенін көрсетеді. Диссертацияның бірінші тарауында іскери қарым-қатынас пен сөйлеу лингвистикасының арақатынасын айқындау үшін тілдік қатынас теориясына тоқталып, кәсіби

			<p>сөйлеуге тән белгілерді көрсетіп, солармен арақатынастағы іскери қарым-қатынасқа тән риторикалық категориялар мен сөйлеу мәдениеті, психологиялық қырлары айқындалады. Екінші тарауда іскери қатынастағы сөйлеудің прагмастилистикалық мәнін ашу барысында іскери қатынастағы сөйлеу стилінің түрлері жіктеліп, прагматикалық өлшемдері, ауызша сөйлеу түрлері (монолог, диалог, сұқбат, дәріс, лебіз, баяндама, жарыссөз т.б.) көрсетіледі. Соның ішінде ақпартты бағыттау ұстанымы мен интенциялық (діттем) ұстанымына ерекше мән беріліп, сөйлеу мәнері, сөйлеу техникасы, шешендік т.б. атап көрсетіледі. Соның негізінде іскери қатынастағы ауызша сөйлеудің жалпы сипаты мен прагмастилистикалық ерекшеліктері мен нормасын грамматикалық тәсілдерін анықтап, академиялық шешендікті іскери қатынастағы ауызша сөйлеудің басты категориясы деп таниды (93бет). Іскери қатынастағы ауызша сөйлеудің прагмастилистикалық мәнін дәлелдейтін мысалдар (лексика-грамматикалық (семантикалық) талдау; коммуникативті талдау негізінде нақты мәтіндердің талдаулары берілген (98, 102 б). Осы қызметтегі прагмастилистикалық мәнді айқындайтын бағыттарды (конверсациялық, функционалдық, психоллингвистикалық) көрсетуі де диссертацияның мазмұны мен тақырыбын негіздейді.</p>
--	--	--	--

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің стилінің прагматикасының зерттеу барысын талдау нәтижесі диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты мен оны жүзеге асырушы міндеттерінің диссертация тақырыбымен толық сәйкес келетінін көрсетеді. Нақты айтқанда: іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің әлеуметтік қызметі антропоэзектік парадигма аясында әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, прагмалингвистикасы тұрғысынан қарастырылып заманауи лингвистика деңгейімен сәйкестенеді. Қазақ тілінің ұлт тілі және мемлекеттік тіл ретінде қоғамның жан-жақты іскери саласындағы (саяси, экономикалық, құқықтық, педагогикалық т.б.) әлеуметтік қызметінің прагматикалық мәнін ашу арқылы диссертацияның тақырыбына сай мазмұнын ашуды, ғылыми дәйектеуде жүзеге асырды.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u></p> <p>2) жартылай байланысқан</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның мазмұны сипатталған екі тарау және олардың құрылымын ашатын тараушалар жұмыс мақсатына сәйкес өзара логикалық жүйеде байланысқан. Әр тараудың соңында талқылау нәтижелері түйінделіп отырады. Зерттеу барысында қол жеткен ғылыми нәтижелер, келтірілген ғылыми-талдамалық ой-пікірлер ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні мен қорытындысымен сабақтасады. Жасалған нәтижелердің бір біріне жалғасып, туындап отыруы зерттеудің біртұтастық байланысының негізінде ортақ қорытынды жасалған.</p>

		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Зерттеу барысында автор ұсынған жаңа шешімдер, негізінен, тақырыпқа қатысты бұрын айтылған пікірлерге жалғастырылып, салыстырылып, толықтырылып отырады. Мәселен, функционалды бес стильге қатысты қалыптасқан ортақтық, ерекшелік сипаты туралы тұжырымдарды саралай келіп, «іскери қарым-қатынас белгілі бір кәсіп пен мамандыққа байланысты мамандық иелерінің арасында жүзеге асатындықтан, өмірдің барлық саласын қамтиды. Сондықтан іскери қарым-қатынасқа ғылыми, публицистикалық, іс-қағаздар стилі тән» деп санайды (15 б.)</p> <p>Осы тектес сыни талдаулар жүргізуінің нәтижесінде қалыптасқан тұжырымдарды өз тарапынан саралап, мысалы, антропоэзектік бағытқа, дискурстық талдауға, қазіргі ұлт болмысын тіл арқылы тану мен сана жаңғыруының мәдени-танымдық, психологиялық, әлеуметтанымдық үрдістерін анықтайтын ғылыми-кешенді әдіс-тәсілдерге сүйенген.</p>
5	Ғылыми жанашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен негізгі тұжырымдары толығымен жаңа. Мысалы, жұмыста «сөйлеу стилі» термині функционалды стильдің бір түрі ретінде емес, «іскери қатынастағы сөйлеу / сөйлесім», «іскери тілдесім», «іскери коммуникация» (76 б) деген ұғымдарға қатысты қолданылуы зерттеу жұмысының мазмұнынан туындайды. Ал, іскери қарым-қатынас үдерісіндегі сөйлеу болмысын психологиялық, коммуникативтік, әлеуметтік,</p>

			<p>когнитивтік (биоэлеуметтік) т.б. тұрғыдан қарастыруы заманауи лингвистикада жаңадан өріс алып келе жатқан антропоэзектік парадигма аясында қарастырудың жаңа үрдісін толықтырады деп санаймыз.</p> <p>Зерттеу мақсаты орай іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің ерекшеліктерін анықтауда диссертанттың қолданған ұстанымдарын (лингвипсихологиялық, лингвомәдени, лингвоқұқықтық, лингвоэлеуметтік, лингвопрагматикалық) да осы зерттеу нысанына қатысты қазақ тіл біліміндегі жаңалық деп санаймыз.</p> <p>Зерттеушінің А.Байтұрсынұлы айқындаған <i>шежіре, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгімені</i> кәсіби сөйлеудің мәнін анықтайтын қатысымдық бірліктер деп атауын Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегін іскери қарым-қатынас құралы, кәсіби сөйлеудің үлгісі деп тануын іскери сөйлеу түрінің жазбаша, ауызша түрлерімен байланысты ғылыми көкжиегінің кеңеюі деп түсінеміз. Нақты жаңалықтар ретінде іскери хаттардың (бұйрық, хаттама, қаулы т.б.), іскери қарым-қатынас хаттардың (ұсыныс хат, ресми хат, жолдама хат, сұраныс хат, жауап хат т.б.) прагмастилистикалық талдауларын көруге болады (110-125 б.)</p>
		<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u></p>	<p>Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасын зерттеуге арналған диссертациялық жұмыстың мазмұнында таралған сөйлеу тілі прагматикасын</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>анықтауға қатысты технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа болып саналады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен сүйенген пікірлерін негіздейтін итехникалық (сайт, портал, электронды БАҚ т.б.), технологиялық (модельдеу әдісі, дискурстық талдау, риторикалық категорияларды логос, этос, пафос негізінде талдау т.б.), экономикалық (қолданыстық қоғамдағы бейресми (саяси, шешендік т.б.) іскери сөйлеу тілінің ауызша) жазбаша түрлерін талдау т.б.) т.б. тұрғыдан шешімдерді жұмыстың маңыздылығын негіздейді.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен зерттеу барысында жасалған ой-тұжырымдары «іскери қатынастағы сөйлеу стилі өзіне тән прагматикалық өлшемі коммуникативті діттемі, әлеуметтік қызметі, функционалдық жүйесі бар тілдік қатынас теориясының аса маңызды бір саласына жатады» деген қорытындыны толықтай, жан-жақты негіздейді. Біріншіден, іскери қарым-қатынас пен сөйлеу арақатынасының тілдік теориясына сай лингвопсихологиялық, лингвомәдени, лингвоқұқықтық, лингвоәлеуметтік, лингвопрагматикалық ұстанымдарға негізделеді. Екіншіден, кәсіби сөйлеудің ауызша, жазбаша түрлерінің прагмалингвистикалық белгілерін өлшемдері нормасын айқындайтын коммуникативтің, кәсіби, лексика-грамматикалық тілдік бірліктер арқылы іскери \ кәсіби сөйлеу тілінің, соның ішінде диссертант атап көрсететін қостау</p>

			сөйлеуінің прагмастилистикасы айқындалады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>йә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 жаңа ма?</p> <p>1) <u>йә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген ба?</p> <p>1) <u>йә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p>	<p>Қорғауға шығарылған қағидаттары зерттеу барысында толық дәлелденген. Қорғауға ұсынылған қағидаттар тривиалды емес, зерттеу нысанына сай жүргізілген талдау нәтижелері қойылған мақсатқа сай нақты дәйектелген, жаңаша, кешенді сипатта қарастырылған. Қазіргі қоғамдағы іскери қарым-қатынастың үрдісіне сай сөйлеу тілінің кең өрісін қамтиды. Жарияланған мақалаларда зерттеу мазмұны толық қамтылған, ойтүйіндері берілген.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>йә</u></p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Ғылыми әдістанымдық тұрғыдан негізделуімен, қолданылған тиімді әдіс тәсілдері арқылы талдануымен, жеткілікті нақты деректермен дәйектелген. Зерттеу барысындағы тақырыптық қатысы ғылыми еңбектерден жасалған сілтемелер мен белгіленген әдіснамаға сүйене отырып іскери қарым-қатынастағы сөйлеу тілінің жазбаша (ресми іс-қағаздар т.б.), ауызша (шаршы топ алдындағы теле, радио, жарнама т.б.) түрлерінің нақты талдау нәтижесінде прагматикалық өлшемдері, коммуникативтік, интенциялық діттемдік сипаты ашылған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен	

		деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған 1) <u>я</u> 2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>я</u> 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылым әдебиеттерге сілтемелермен 1) <u>расталған</u> 2) ішінара расталған 3) расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми-әдістанымдық еңбектердегі тұжырымдарға жасалған сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған еңбектердің жалпы саны – 160. Жұмыстың мазмұнында пайдаланған дереккөздері көрсетілген, қосымша берілген. Диссертацияда ғылыми еңбектер зерттеудің теориялық негіздемесін, ал ресімі іс құжаттары, БАҚ материалдары т.б. ғылыми талдамалық жұмыстарды дәйектеген.
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға 1) <u>жеткілікті</u> 2) жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік авторлардың еңбектері жеткілікті түрде қамтылып, зерттеу барысындағы диссертанттың ой-түйсіктерінде сипатталып, жалғастырылып отырады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>я</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижесі теориялық тұрғыдан қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигманың коммуникативтік,

			<p>прагматикалық стратегиялық деңгейін көтеруге өзіндік үлес қоса алады.</p> <p>Іскери қатынастағы сөйлеудің лингвопсихологиялық, лингвомәдени, лингвоәлеуметтік т.б. аспектілерде қарастырылуы іскери қарым-қатынас кеңістігіндегі жұмыс тілінің прагмастилистикалық жүйесін айқындап, мемлекеттік тілдің қоғамдық әлеуметтік қызметін жандандыруға септігін тигізеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>йә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p>	<p>Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының практикалық құндылығы біріншіден, жоғарыда көрсеткеніміздей, мемлекеттік тілдің қолданысын (шаршы топ алдындағы сөз, ауызша түрдегі көсемсөз, дәріс т.б. күшейтіліп, екіншіден, жоғары оқу орындарының филологиялық, әртүрлі гуманитарлық бағыттағы дәрістерде, іскери-әлеуметтік, ресми шараларды тиімді өткізуге көмектесетін тіл ұстарту қызметінде т.б. пайдалана алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады:</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады);</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы антропоэзектік, лингвоәлеуметтік, лингвопсихологиялық т.б. аспектіде кешенді түрде алғаш рет қарастырылып отыр.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>Жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен;</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Қ.Н.Шохаеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, ғылыми негізделген,</p>

			<p>нақты дәйектелген және өзара байланысты. Себебі диссертацияда сөйлеу адамдар арасында әлеуметтік қатынас орнатуға қызмет атқаратын танымдық, психологиялық, коммуникативтік қабілетін және адам / ұлт болмысының ақыл-ойын, мінез-құлқын, мақсат-діттемін, өзіндік мәдениет т.б. көрсететін қызметінің тілдік репрезентациясын іскери қарым-қатынас үстінде көрсетуінің прагматикасы жан-жақты қарастылып, айқындалған.</p> <p>Осымен байланысты зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсаты мен соған сәйкес белгіленген міндеттері, қол жеткен нәтижелері мен жаңалықтары қоғамдағы қолданыстық қол жеткен мәні практикалық тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін, аяқталған ғылыми жұмыс.</p>
--	--	--	--

Ресми рецендеттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) **Философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беру** (Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» атты диссертациясы 6D021300 –Лингвистика мамандығы бойынша (PhD) философия докторы академиялық дәрежесін алуға лайық деп санаймыз;
- 2) Диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) Философия докторы (PhD) немесе дейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту;

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

Ресми рецензент
 ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы
 Тіл білімі институтының бағушы ғылыми қызметкері,
 ф.ғ.д., профессор



Манкеева Жамад Айтқалиқызы
 (аты-жөні)
 қолым куәландырамын
 «А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз өту және бақылау бөлімі
 « 05 » _____ 2023 ж.